

Директорлар кеңесі отырысының  
2022 жылғы 30 наурыздағы № 3  
хаттамасына №5 қосымша

Директорлар кеңесінің  
2022 жылғы «30» наурыздағы № 3  
шешімімен бекітілді

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік  
қоғамының қаржы лизингін ерікті сақтандыру қағидалары**  
*(23.12. 2022 мәліметтер бойынша өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып  
(№14 хаттама)*

**Астана қ., 2022 жыл**

## ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы лизингін ерікті сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:	

## Мазмұны

Мазмұны .....	3
1-тарау. Жалпы ережелер .....	4
2-тарау. Сақтандыру объектісі .....	6
3-тарау. Сақтандыру жағдайлары .....	6
4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу .....	7
5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі .....	8
6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны .....	8
7-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі .....	8
8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы .....	8
9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері .....	9
10-тарау. Мониторинг .....	12
11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары .....	12
12-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті .....	13
13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі .....	14
14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары .....	14
15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері .....	15
16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары .....	16
17-тарау. Суброгация .....	16
18-тарау. Қосымша шарттар .....	17
19-тарау. Дауларды шешу тәртібі .....	17

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының қаржы лизингін ерікті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі мәтін бойынша - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Жарғысына, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-тың ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген. Қағидалар оларға қатысты қолдау оның Жарғысына сәйкес Сақтандырушының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылатын жобалар бойынша қаржы лизингін ерікті сақтандыру шарттарын жасасу тәртібін айқындайды.

2. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі анықтамалар мен терминдер:

1) **Банкроттық**- Лизинг алушының заңды күшіне енген сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

*Қағидалардың 2-тармағының 2) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)*

2) **Шартсыз франшиза**- сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде өтелуге жатпайтын, Сақтандыру шартында белгіленген сома. Шартсыз шегерім мына формулаға сәйкес есептелетін абсолютті мөлшерде белгіленеді:

$$X = Y * K, \text{ мұндағы}$$

X - шартсыз франшиза мөлшерінің абсолютті мәні;

Y - мәлімделген шығын мөлшері;

K - мәнін Сақтандырушының уәкілетті органы бекітетін Пайда алушы ұстап қалатын тәуекел коэффициенті;

3) **Сақтандыру шарты** - қаржы лизингін ерікті сақтандыру шарты, оған сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

4) **Қаржы лизингі шарты** - лизинг беруші мен лизинг алушы арасындағы шарт, оған сәйкес лизинг беруші лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншігіне сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті белгілі бір ақыға кәсіпкерлік мақсаттар үшін уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенеді;

5) **Шетелдік контрагент**- сатып алушы, тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және Экспорттаушымен Экспорттық келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

6) **Лизинг беруші** - қаржы лизингі шартына сәйкес лизинг алушы көрсеткен мүлікті сатушыдан меншікке сатып алуға және лизинг алушыға осы мүлікті белгілі бір ақыға уақытша иеленуге және кәсіпкерлік мақсаттар үшін пайдалануға беруге міндеттенетін заңды тұлға;

7) **Лизинг алушы** - лизинг берушіден мүлікті иеленуге және пайдалануға алатын қаржы лизингі шартына қатысушы:

– Экспорттық өнімді өндіру мақсатында лизинг нысанасын сатып алатын экспорттаушы;

– Қазақстанда өндірілген тауарды лизинг заты ретінде сатып алатын шетелдік контрагент.

8) **Лизингтік төлемдер**- Қаржы лизингі шарты бойынша оның бүкіл қолданылу мерзімі үшін төлемдердің жалпы сомасын білдіретін, Қаржы лизингі шарты жасалған кездегі баға бойынша лизинг заты құнының бүкіл немесе айтарлықтай бөлігінің орнын толтыруды ескере отырып есептелуі тиіс және Қаржы лизингі шартының қолданылу мерзімі ішінде жүзеге асырылатын мерзімді төлемдер, оларға мыналар кіреді:

– Лизинг берушіге лизинг затын сатып алуға жұмсалған шығындарды және Қаржы

лизингі шартына сәйкес мақсаты бойынша пайдалану үшін лизинг затын сатып алуға, жеткізуге және оны жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа да шығыстарды өтеу;

– Қаржы лизингі шартында көзделген лизинг бойынша сыйақы;

9) **Міндеттемелерді тиісінше орындау** - міндеттемені тиісті субъектілер тиісті нысанмен, тиісті жерде, тиісті тәсілмен және тиісті мерзімде орындауға тиіс дегенді білдіреді. Өзге жағдайларда міндеттемелердің орындалмауы (тиісінше орындалмауы) орын алады;

10) **Төлем қабілетсіздігі**- Лизинг алушының ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды орындауға қабілетсіздігі;

11) **Негізгі борыш** - Лизинг берушінің лизинг затын сатып алуға жұмсалған шығындары және Қаржы лизингі шартына сәйкес мақсаты бойынша пайдалану үшін лизинг затын сатып алуға, жеткізуге және оны жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа да шығыстарының нақты сомасы. Негізгі борышқа Қаржы лизингі шартында көзделген лизинг бойынша есептелген және мерзімі өткен сыйақы сомасы енгізілмейді;

12) **Күту кезеңі**- Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Күту кезеңі Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарлама алғаннан кейінгі келесі күні басталады;

13) **Сақтандырушы**- сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру сомасы шегінде Сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

14) **Сақтанушы**- Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Лизинг беруші. Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушы бір мезгілде сақтандырылған және пайда алушы болып табылады;

15) **Сақтандыру төлемі**- шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

16) **Сақтандыру сыйлықақысы**- Сақтанушының Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндетті қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

17) **Сақтандыру сомасы**- сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасының түрі Сақтандыру шартында айқындалады;

18) **Сақтандыру тәуекелі**- орын алуы мүмкін болатын жағдайға Сақтандыру шарты жасалатын Сақтанушы үшін залалға әкеп соғатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

19) **Сақтандыру жағдайы**- орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

*2-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес 19-1) тармақшамен толықтырылды (№14 хаттама)*

19-1) **Сақтандыру оқиғасы**- нәтижесінде сақтандыру объектісіне немесе үшінші тұлғаға зиян келтірілген және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

20) **Сақтандыру мүддесі**- бұл Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және Сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;

*Қағидалардың 2-тармағының 21) тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)*

21) **Залал**- Сақтанушының Кредиттік шартқа қосымша болып табылатын өтеу кестесіне сәйкес Кредиттік шарт бойынша Негізгі борышты өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен туындайтын Пайда алушының залалы. Шығынды айқындауға Сақтанушының пайда алушы алдындағы өтеу (төлеу)бойынша берешегінің туындауы енгізілмейді:

– алынбай қалған пайда; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және Кредиттік шартта көзделген өзге де ұқсас төлемдер;

– моральдық зиян;

– Кредиттік шарт бойынша қандай да бір берешекті өндіріп алуға жүгінуге, оның ішінде сот органдарына жүгінуге байланысты сот шығындары; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдар;

22) **Қаржы лизингі**- лизинг беруші сатушыдан меншігіне сатып алынған және лизинг шартында келісілген лизинг затын лизинг алушыға белгілі бір ақыға және белгілі бір талаптармен кәсіпкерлік мақсаттар үшін кемінде үш жыл мерзімге уақытша иеленуге және пайдалануға беруге міндеттенетін инвестициялық қызмет түрі. Бұл ретте лизинг нысанасын лизинг шарты бойынша беру мынадай талаптардың біреуіне немесе бірнешеуіне жауап беруге тиіс:

– лизинг нысанасын лизинг алушының меншігіне беру және (немесе) лизинг алушыға лизинг нысанасын тіркелген баға бойынша сатып алу құқығын беру лизинг шартында айқындалған;

– Лизинг мерзімі лизинг нысанасының пайдалы қызмет мерзімінің 75 пайызынан асады;

– лизингтің бүкіл мерзімі үшін лизинг төлемдерінің ағымдағы (дисконтталған) құны берілетін лизинг нысанасы құнының 90 пайызынан асады;

23) **Экспорттаушы**- қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

24) **Экспорттық келісімшарт**- Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспортына арналған жазбаша келісім.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

## 2-тарау. Сақтандыру объектісі

3. Сақтандыру объектісі Қаржы лизингі шарты бойынша Лизингтік төлемдер кестесіне сәйкес Негізгі борышты қайтару бойынша міндеттемелерді бұзу нәтижесінде Лизинг алушының залалды өтеу міндетімен байланысты Сақтанушының мүліктік мүддесі болып табылады. Қаржы лизингі шартында келісілген мерзімдер мен сомаларда мерзімі өткен Негізгі борышты төлеу жөніндегі негізделген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін талаптар ғана Сақтандыру объектілері бола алады.

4. Сақтанушы лизинг нысанасының меншік иесі болуға тиіс.

5. Ғимараттар, құрылымдар, машиналар, жабдықтар, инвентарь, көлік құралдары, жер учаскелері және кез келген тұтынылмайтын заттар лизинг нысанасы болуы мүмкін.

## 3-тарау. Сақтандыру жағдайлары

6. Осы Қағидаларға сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы Лизинг алушы Қаржы лизингі шарты бойынша лизингтік төлемдер кестесіне сәйкес Негізгі борышты қайтару бойынша өз міндеттемелерін төмендегіге байланысты орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда, сақтандыру қорғанысын ұсынады:

1) Лизинг алушының дәрменсіздігі (банкроттығы);

2) Қаржы лизингі шартында көзделген жағдайларда Лизинг алушының лизинг нысанасын қайтармауы (мысалы, Қаржы лизингі шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде);

3) егер кешіктірудің ұзақтығы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімнен асып кетсе, Кестеде көзделген мерзімде және көлемде Лизинг төлемдерін төлемеу.

7. Сақтандыру жағдайларының тізбесіне тараптардың келісімі бойынша жоғарыда көрсетілген жағдайлардың барлығы немесе жекелегені енгізілуі мүмкін.

8. Сақтандырушы мынадай залалдарды өтемейді:

1) Форс-мажорлық жайттардан туындаған залал: соғыс, азаматтық толқулар, жаппай сипаттағы тәртіпсіздіктер, мүлікке тыйым салу, тәркілеу, лизинг нысаналарын жою, мемлекеттік органның сауда мен төлемдерді жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзге де мемлекеттік-саяси шаралармен еркін айырбасталатын валютаға айырбастауды және/немесе төлемді аударуды шектейтін немесе оған тыйым салатын күтпеген әрекеті, заңнаманың өзгеруі, сондай-ақ табиғи апаттар. Бұл ретте форс-мажорлық жағдайлардың болуын дәлелдеу мәселелері Сақтандырушыға жүктеледі;

2) Банкроттықты және Қаржы лизингі шартының лизинг нысанасын пайдалану мақсаттары мен тәртібін айқындайтын талаптарын елеулі түрде бұзуды қоса алғанда, Қаржы лизингі шарты бойынша Сақтанушының немесе Лизинг алушының қасақана іс-әрекеттерінен туындаған залал;

3) Сақтанушының жанама залалдары.

9. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтанушы көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушының мүліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушының ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

#### **4-тарау. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу**

10. Ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті зақымданудың әсері нәтижесінде туындаған залалдар сақтандыру қорғанысымен өтелмейді, сондай-ақ сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шарты жасалған сәтке дейін туындаған оқиғаларға қолданылмайды.

11. Сақтандырушы төмендегі үшін жауапкершілік көтермейді:

1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын немесе Сақтандыру шартында көзделмеген залалдарды өтеу туралы кез келген талаптар үшін;

2) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру аумағының шегінен тыс жерлерде келтірілген залалдарды өтеу туралы талаптар үшін;

3) Сақтанушымен келісілген мерзім ішінде жалпыға бірдей қабылданған нормаларға сәйкес Сақтандырушы Сақтанушыға жою қажеттілігін көрсеткен тәуекел дәрежесін арттыратын жайттарды Сақтанушының жоймауы салдарынан келтірілген залалды өтеу туралы талаптар үшін;

4) Сақтанушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары мен талаптарын бұзуы салдарынан келтірілген залалдар үшін;

5) егер мемлекеттік органдардың өкімі бойынша мүлікті алып қою, тәркілеу, реквизициялау, мемлекет меншігіне алу, тыйым салу немесе жою салдарынан шарттық міндеттемелерді орындау мүмкін болмаса.

12. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер, сақтандыру

төлемінен босату және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

## **5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

13. Сақтандыру шарты Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде жасалады.

14. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушыдан Сақтандыру тәуекелін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

15. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік көтереді.

16. Осы Қағидалардың негізінде Сақтанушы, Сақтандырушы арасындағы тараптардың келісімі бойынша осы Қағидалардың жекелеген ережелерін өзгертуді, алып тастауды көздейтін сақтандыру шарттары, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына қайшы келмесе, сақтандыру шартын жасасу кезінде айқындалатын қосымша талаптар жасалуы мүмкін.

17. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінде көзделген міндетті талаптар болуы тиіс.

18. Сақтандыру шарты жоғалған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде Сақтандыру шартының дубликатын береді, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі.

*18-1-тармақ қосылды және Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес редакцияда жазылды (№14 хаттама)*

18-1. Сақтандыру шарттары тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

## **6-тарау. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

19. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген күннен бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - бірінші Сақтандыру жарнасын төлеген кезде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.

20. Сақтандыру шарты осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

21. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

22. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

## **7-тарау. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

23. Сақтандыру сомасы тараптардың келісімімен Қаржы лизингі шарты бойынша Негізгі борыш сомасы мөлшерінде белгіленеді.

## **8-тарау. Сақтандыру сыйлықақысы**

*24,25-тармақтар Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)*

24. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушы әзірлеген Сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі.

25. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру



жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

*Қағидалардың 26 және 27-тармақтары Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес редакцияда баяндалған*

26. Шартта шартты мерзімінен бұрын бұзуды қоса алғанда, белгіленген мерзімде сақтандыру сыйлықақысын (оның ішінде сақтандыру жарналарын) төлемеудің салдары айқындалуы мүмкін.

27. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын (бір төлеммен төлеген кезде) төлегенге дейін Сақтандыру жағдайы орын алған кезде, егер Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

28. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

29. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

30. *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

## **9-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

31. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету.

32. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

2) Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

3) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде дереу, алайда оған белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелі жағдайының өзгеруі туралы хабардар ету;

4) сақтандыру шарттарын орындау;

5) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы мүмкін оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ету;

6) сақтандыру жағдайынан болатын шығындарды азайту шараларын қабылдау;

7) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру;

8) Сақтандыру жағдайының орын алуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға ауысуын қамтамасыз ету;

9) өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау;

10) тәуекелдерді болдырмауға және сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге мүдделі болу.

33. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде тәуекелдерді бағалау үшін айтарлықтай маңызы

бар қажетті құжаттарды талап ету;

2) Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ Сақтанушының Сақтандыру шартының талаптары мен талаптарын орындауын тексеру;

3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жайттарын дербес анықтау, оның ішінде құзыретті органдарға сұрау салу;

4) Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау жайттарын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге құқылы;

5) егер Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру тәуекелі туралы пайымдау үшін айтарлықтай маңызы бар жайттар туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарласа немесе Сақтандырушыға Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде тәуекел дәрежесіндегі маңызды өзгерістер туралы хабарламаса, залалды өтеуден бас тарту туралы шешім қабылдау;

6) осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес Сақтандыру шартын тоқтату;

7) тәуекел дәрежесі ұлғайған жағдайда Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді талап ету немесе тәуекелдің ұлғаюына мөлшерлес қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеу;

8) Сақтандыру жағдайының барлық жайттары мен туындау себептері анықталғанға дейін төлемді кейінге қалдыру. Бұл жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыны осы Қағидалардың 13-тарауында көрсетілген барлық құжаттарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде себептерін көрсете отырып, Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру туралы жазбаша нысанда хабардар етуге тиіс.

34. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны осы Қағидалармен таныстыру және олардың талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру төлемін жүргізу;

3) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

*Қағидалардың 34-тармағының 4-тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылсын (№14 хаттама)*

4) Сақтанушы не оның өкілі сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, оған алдыңғы құжатты алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жетіспейтін құжаттар туралы хабарлауға міндетті.

35. Лизинг алушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

2) Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

36. Лизинг алушы мынаған міндетті:

1) өзіне белгілі болған өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау;

2) Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде дереу, алайда оған белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыны сақтандыру тәуекелі жағдайының өзгеруі туралы хабардар ету;

3) Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы мүмкін оқиғаның орын алғаны туралы Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде Сақтандырушыны хабардар ету;

4) Сақтандыру жағдайынан болатын Залалды азайту шараларын қабылдау;

5) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, келтірілген шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық

ақпаратты беру;

6) Сақтандыру шартында көзделген және Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі өз міндеттемелерін тиісінше орындау;

7) Сақтандырушының бірінші талабы бойынша Сақтандырушының алдындағы Сақтандыру төлемі бойынша берешекті Сақтандырушының банктік шотына ақша аудару арқылы оның жазбаша хабарламасында көрсетілген мерзімде өтеу, оның ішінде Сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімімен немесе Лизинг алушының Сақтанушы алдындағы міндеттемелері бойынша қамтамасыз етуі болып табылмайтын, меншік құқығындағы мүлікті дербес сату арқылы немесе өзге міндеттемелер бойынша кепіл мүлігін сату кезінде Сақтанушының талаптарын қанағаттандырғаннан кейін Сақтандырушы алдындағы берешекті өтеу;

8) сақтандырушыға өзіне Өткен талап ету құқығын іске асыруда кедергі жасамау;

9) Сақтандырушының сұрау салуы түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға Лизинг алушыда Сақтандырушы алдында туындаған берешекті өтеуге қатысты барлық құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

10) Сақтанушының және (немесе) Сақтандырушының бірінші талабы бойынша оның өкілдеріне өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарап-тексеру және (немесе) қаржы-шаруашылық қызметі, өнім экспортының көлемі туралы құжаттар мен ақпаратты Сақтанушыға және (немесе) Сақтандырушыға қажетті шарттарда беру (мерзімде, көлемде) беру арқылы лизинг затының нысаналы пайдаланылуын, оның қамтамасыз етілуін және Лизинг алушының қаржы-шаруашылық қызметін тексеру мүмкіндігін беру;

11) дереу, алайда кез келген жағдайда Қаржы лизингі шартының талаптары бұзылған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандырушыға және Сақтанушыға өзі жол берген Қаржы лизингі шартының барлық бұзушылықтары туралы, оның ішінде Қаржы лизингі шартында көзделген Негізгі борыш және (немесе) Сыйақы сомасын төлеу (қайтару) мерзімін өткізіп алу туралы жазбаша хабарлау;

12) Сақтанушы Қаржы лизингі шарты бойынша міндеттемелерді орындау туралы талаптар қойған жағдайда, қалыптасқан жағдайда өз міндеттемелерін тиісінше орындауға барлық қисынды және қолайлы шараларды қабылдау;

13) Сақтандырушыдан Қаржы лизингі шарты бойынша міндеттемелердің орындалуы туралы ақпарат беру туралы, оның ішінде жасалған Қаржы лизингі шарты талаптарының бұзылуына жол берілгені туралы жазбаша сұрау салуды алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Сақтандырушыға сұрау салуда көрсетілген жазбаша нысанда ақпарат ұсыну;

14) банктік деректемелер және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыны және Сақтанушыны жазбаша хабардар ету;

15) Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандырушы алдында (Лизинг алушыдан талап ету құқығы көлемінде) өзінің барлық мүлігімен, оның ішінде Қаржы лизингі шарты бойынша Сақтанушы алдындағы Лизинг алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлікпен жауап беру;

16) Лизинг алушының кепілге салынған мүлігін соттан тыс/сот арқылы сату кезінде түскен ақшаның барлық сомасын, алайда Сақтандыру төлемінің сомасынан аспайтын соманы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің есебіне Сақтандырушыға аудару;

17) Сақтандыру төлемі бойынша берешек уақтылы өтелмеген жағдайда, Сақтандырушыға Сақтандыру төлемінің сомасынан мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,01% (нөл бүтін жүзден бір пайыз) көлемінде өсімпұл төлеу;

18) сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде барлық ерекше шарттарды орындау (ерекше шарттарды көрсету, олар болмаған жағдайда бұл шарт толтырылмайды);

19) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Лизинг алушының уәкілетті органының дивидендтерді төлеу/таза пайданы бөлу, дивидендтерді нақты төлеу/ таза пайданы бөлу туралы шешімін Сақтанушының және Сақтандырушының жазбаша келісімін алмай қабылдауға жол бермеу;

20) сақтандыру қорғауының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Қаржы лизингі шарты бойынша кепілдік қамтамасыз етуді босатпау;

21) Сақтанушының және Сақтандырушының келісімінсіз мынадай іс-әрекеттер жасамау:

- кредиттік шарттар, қарыз шарттары, лизинг шарттары немесе қайтарымды негізде ақша қаражатын тартудың өзге де нысандарын, үшінші тұлғалар үшін кепілгерлік, кепілдік, кепіл шарттарын жасасу;

- активтерге ауыртпалық салу;

- кез келген нысанда қайта ұйымдастыру;

- құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізу;

- қызмет түрлерінің өзгеруі;

- дивидендтер төлеу;

- Сақтанушының міндеттемелерін қоспағанда, қандай да бір инвестициялық жобаларға қатысу.

37. Осы тарау тараптарының құқықтары мен міндеттерінің тізбесі толық болып табылмайды, тараптардың жекелеген міндеттері осы Қағидалардың басқа тарауларында көзделген және Сақтандыру шартында кеңейтілуі мүмкін.

## **10-тарау. Мониторинг**

38. Осы Қағидалар шеңберінде Сақтандыру арқылы қорғау жүзеге асырылатын Лизинг шартында Лизинг берушінің Лизинг алушының Сақтандыру шартының бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Лизинг шартының талаптарын орындауын бақылау құқығын көздейтін талаптар қамтылуы және коммерциялық құпияны сақтау жөніндегі талаптарды қадағалай отырып, Лизинг алушыдан құжаттарды сұратуы тиіс.

39. Сақтандыру шартында Дизинг берушінің және Лизинг алушының Сақтандырушының жазбаша талабы бойынша Лизинг беруші куәландырған шарттардың, төлем тапсырмалардың және мониторинг мақсатында Сақтандырушы сұрататын өзге де құжаттардың көшірмелерін ұсыну міндеттемелерін көздейтін талаптар қамтылуы тиіс.

## **11-тарау. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары**

40. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушы өзіне белгілі болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

41. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды деп танылады:

1) Лизинг шартының талаптарын өзгерту;

2) Лизинг шарты бойынша тараптардың өзгеруі.

Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.

42. Сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғатын жайттар туралы хабардар етілген сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

43. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге немесе қосымша Сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсылық білдірсе, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтанушыға сыйлықақының бір бөлігін қалған сақтандыру мерзіміне

пропорционалды түрде, 20% - істі жүргізуге жұмсалған шығыстарды шегере отырып қайтарады.

44. Сақтанушы осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген міндетті орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға немесе Сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

45. Егер Сақтандыру жағдайының себебі осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген өзгерістер болып табылса және Сақтанушы олар туралы Сақтандырушыны осы Қағидалардың 40-тармағында көрсетілген мерзімде хабардар етпесе, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы.

## **12-тарау. Сақтандыру жағдайы орын алған кездегі сақтанушының іс-әрекеті**

46. Сақтандыру жағдайының орын алуын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

47. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы - Лизинг алушының лизинг шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауы (тиісінше орындамауы) орын алуы мүмкін кез келген оқиға орын алған кезде - Сақтанушы мынаған міндетті:

1) Сақтандырушыға хабарламаның жіберілген күнін анықтау мүмкіндігін беретін тәсілмен 15 (он бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандырушының Сақтандыру төлемі бойынша міндеттемесінің туындауы мүмкін кез келген оқиға туралы жазбаша түрде хабарлауға (Лизинг берушінің наразылықтары туралы, сотқа шақыру туралы, Лизинг шартын орындамау (тиісінше орындамау) мәселесі бойынша талап қою арызы туралы) және Сақтандырушыны істің барлық жайттарына қатысты қажетті ақпаратпен және құжаттамамен, атап айтқанда, оқиғаға қатыстырылған тұлғалардың, оның ішінде талапкерлердің аттарын, атауын және мекенжайларын қоса алғанда осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен және құжаттармен қамтамасыз ету;

2) дауды сотта реттеу кезінде сот шешім шығарғанға дейін Сақтандырушының іске «дербес талаптарды мәлімдемейтін Үшінші тұлға» ретінде қатысу құқығына кедергі келтірмеу, сондай-ақ сот алдында Сақтандырушыны іске «дербес талаптарды мәлімдемейтін Үшінші тұлға» ретінде қатыстыру туралы өтініш жасау;

3) сот талқылауына дейін және оның барысында Сақтандырушының алдын ала келісімінсіз қандай да бір іс-әрекет жасамау, қаралатын істің мәні бойынша сақтандыру нысанасына қатысты мәлімдеме жасамау;

4) Сақтандыру жағдайы орын алған (сот актісі заңды күшіне енген) сәттен бастап 30 (отыз) күн ішінде бұл туралы Сақтандырушыға осы Қағидалардың 52-тармағында тізімделген құжаттарды қоса бере отырып, Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы өтініш нысанында хабарлау.

48. Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабардар етпеу/уақтылы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе, сондай-ақ дәлелді себептер болған және тиісті құжаттарды ұсынған кезде оған Сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

49. Сақтанушы Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамауға, сондай-ақ: Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауға, жауапкершілікті мойындамауға, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауға, осы Сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір ымыралы төлемдерді жүргізбеуге

міндетті.

50. Сақтанушы наразылықтарды сотқа дейінгі және сот тәртібімен реттеу кезінде Сақтандырушыға (соңғысының талап етуі бойынша) Сақтанушы өкілеттіктерін беруге міндетті.

### **13-тарау. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі**

51. Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтандыру төлемі туралы талапты тиісті талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда береді.

52. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттар:

1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) Сақтандыру шартының көшірмесі;

3) Қаржы лизингі шартының көшірмесі;

4) Қаржы лизингі шартының талаптарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, Лизинг алушының Қаржы лизингі шартының талаптарына сәйкес Залалды өтеу (төлеу) қажеттігі туралы Сақтанушының Лизинг алушыға жазбаша талабының (хабарламасының) нотариалды куәландырылған көшірмесі;

5) Қаржы лизингі шарты бойынша Лизинг алушының қарыз берешегі туралы Сақтанушының анықтамасы;

6) Сақтандырушының тиісті талабы болған кезде кредиттік досьеден алынған материалдардың көшірмелері/нотариалды куәландырылған көшірмелері. Бұл ретте Сақтандырушы Сақтандыру жағдайының орын алуы туралы өтінішті қарау үшін сақтандырушының пікірі бойынша қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін ұсынуы тиіс;

7) сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін сақтанушының банктік деректемелерін көрсете отырып шығын мөлшерін есептеу;

8) кепіл, кепілге салу, кепілдік, кепілгерлік шарттарының және Қаржы лизингі шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын өзге де шарттардың көшірмесі (бар болса);

9) талап арыздың көшірмесі (бар болса);

10) Сақтанушының талап арызы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, Лизинг алушыдан Қаржы лизингі шарты бойынша берешек сомасын (бар болса) өндіріп алу туралы соттың ұйғарымы;

11) Лизинг алушының Қаржы лизингі шарты бойынша берешек сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің түпнұсқасы (бар болса);

12) Залалдың себебі мен көлемін растайтын өзге де құжаттар.

### **14-тарау. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен талаптары**

53. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы жазбаша мәлімдеме алғаннан және Сақтандыру шартында белгіленген Күту кезеңі өткеннен кейін Сақтандыру төлемі үшін қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандырушы 10 (он) жұмыс күні ішінде мынадай іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

1) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісін анықтайды; Сақтанушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің сәйкестігін тексереді; оқиғаның туындау фактісі мен себептерін айқындайды;

2) оқиға сақтандыру жағдайы болып танылған кезде сақтандыру төлемінің көлемін айқындайды, сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

54. Сақтандырушы Сақтандыру төлемін Сақтанушының төлем туралы жазбаша өтініші,

ұсынған құжаттар және Сақтандыру жағдайы туралы акт негізінде жүргізеді.

55. Сақтандыру төлемі шартсыз франшизаны шегере отырып, Сақтанушыға келтірілген залал көлемінде жүзеге асырылады. Шартсыз франшизаны ұстап қалу тәртібі Сақтандыру шартымен айқындалады

56. Сақтандырушы сақтанушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

57. Залал Қаржы лизингі шарты бойынша Негізгі борыш сомасынан аспайтын мөлшерде айқындалады.

58. Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жұмсалса, тіпті тиісті шаралар сәтсіз болса да, сақтандырушы өтеуге тиіс. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, алайда сақтандыру төлемі мен шығыстар өтемінің жалпы сомасы сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспауы үшін, егер шығыстар Сақтанушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.

### **15-тарау. Сақтандыру төлемі немесе сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау мерзімдері**

59. Сақтандырушы Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негіздейді.

60. Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру төлемін Сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде немесе тараптардың келісімімен айқындалған мерзімде төлейді.

61. Сақтандырушының осы Қағидаларда көрсетілген өзге негіздерден басқа Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру заты, сақтандыру тәуекелі, Сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) сақтанушының Сақтандыру жағдайынан болған шығындарды азайту бойынша шараларды қасақана қолданбауы;

3) Сақтанушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан шығынның тиісті өтемін алуы;

4) Сақтанушының Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеуде және оған келтірілген залалдың көлемін анықтауда кедергі жасауы;

5) Сақтанушының Сақтандырушының іске «дербес талаптарды мәлімдемейтін үшінші тұлға» ретінде қатысу құқығына кедергі келтіруі;

6) Сақтанушының осы Қағидалардың немесе Сақтандыру шартының ережелерін бұзуы.

62. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмағаны үшін Сақтандырушы ҚР АҚ 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.

63. Егер құқық қорғау органдары Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қатысты қылмыстық іс қозғаған және ол бойынша жайттарға тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Сақтанушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген кезде, Сақтанушыға ақтау үкімі шығарылған кезде тергеу жүргізу немесе алдын ала тергеу жүргізу кезеңінде қылмыстық іс тоқтағанға дейін, сондай-ақ егер көрсетілген іс-әрекеттер Сақтандыру жағдайының орын алуына әкеп соқтырған жайттарға байланысты болса, ҚР Қылмыстық заңнамасына сәйкес

Сақтанушының іс-әрекеттерінде заңсыз әрекеттер болмағанына көрсететін басқа жайттар орын алғанға дейін Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуді кейінге қалдыра алады. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру апелляциялық инстанциядағы соттар, жоғары тұрған инстанциялар төменгі инстанциядағы соттың сот актілерін қайта қараған кезде де орын алады.

64. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тартуына Сақтанушы Сақтандырушы кеңсесінің нақты орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа шағымдана алады.

## **16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары**

65. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыруды қорғаудың бүкіл кезеңі бойы жалғасады. Бұл ретте Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады және Сақтандыру төлемін жүзеге асыру сәтіндегі Қаржы лизингі шарты бойынша Негізгі борыш қалдығының сомасынан аспайды. Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасының толық көлемінде жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

66. Шарт тараптары жеке келісім жасау арқылы Шарттың қалған қатысушылары келіскен жағдайда тараптар сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

67. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;  
2) Сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі Сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;

3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енген жағдайда;

*67-тармақтың 3-1-тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылсын (№14 хаттама)*

3-1) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеу мерзімін кешіктірген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;

4) *Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №3 шешіміне сәйкес алынып тасталды.*

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

Көрсетілген жағдайларда Сақтандыру шарты Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, екінші тарапты жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартының тоқтатылу фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы.

68. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кесірінен талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төлеген Сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндетті.

## **17-тарау. Суброгация**

69. Сақтандыру төлемін төлеген сақтандырушыға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған сақтанушы сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.



70. Сақтанушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушыға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді кідіртпей беруге және Сақтандырушының өзіне өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті.

71. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтеу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушыға тиесілі болады. Сақтанушы осы өтеулер туралы Сақтандырушыға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға аударуға міндетті.

72. Егер Сақтанушы Сақтандырушы өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Сақтанушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушы Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

## 18-тарау. Қосымша шарттар

73. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына қосымша талаптар (сақтандыру ескертулері, ұйғарымдар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.

74. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың оларды жазбаша ресімдеген және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда заңды күші болады.

*Қағидалардың 74-1-тармағымен Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы «30» наурыздағы № 3 шешіміне сәйкес 76-1 тармағымен толықтырылды*

74-1. Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Сақтандырушы өз қызметінде қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға, экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға және таратуға жәрдемдесуге бағытталған сақтық қағидатына және бастамаларды қабылдауға негізделген экологиялық мәселелерге көзқарасты қолдаудан көрінетін қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттарды ұстанатыны туралы мәлімдейді. Сақтанушы өз кезегінде көрсетілген қағидаттарды ұстануға, сондай-ақ қоршаған орта мен қоғамға нақты және ықтимал әсерді анықтау, бағалау бойынша экологиялық тәуекелдерді (қоршаған ортаны) басқару жүйесін қолдануға, тиісті басқару шараларын айқындауға және нәтижелі енгізуге, экологиялық тәуекелдерді бақылауды жүзеге асыруға ұмтылатын болады.

## 19-тарау. Дауларды шешу тәртібі

75. Осы Қағидалардың негізінде жасалған Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.

76. Сақтандыру шартының тараптары дауды келіссөздер арқылы шешпеген кезде сот органдарына жүгінгенге дейін туындаған келіспеушіліктің себептерін негіздей отырып, екінші тарапқа жазбаша шағым жіберуге міндетті.

77. Шағым екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

78. Егер наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған немесе осы Қағидалардың 77-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін наразылыққа жауап алынбаған жағдайда, тарап Сақтандырушы атқарушы органының нақты орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа жүгінуге құқылы.